

## **Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (ерекше бөлім) күшіне енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 1 шілде N 410

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

2. 1999 жылғы 1 шілдеден бастап мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР Азаматтық кодексі (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1969 ж., N 24; 1970 ж., N 28; 1972 ж., N 47; 1973 ж., N 27; 1974 ж., N 4, 26, 46; 1975 ж., N 11; 1976 ж., N 45; 1977 ж., N 15,29; 1982 ж., N 32, 315-құжат; 1983 ж., N 41, 435-құжат; N 49; 527-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат; 1985 ж., N 19, 192-құжат; N 45, 457-құжат; 1986 ж., N 25, 242-құжат; 1987 ж., N 24, 314-құжат; 1988 ж., N 2, 19-құжат; 1989 ж., N 3, 17-құжат; 1990 ж., N 22, 274-құжат; N 50, 467-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 277-құжат; 1998 жылы 25 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы);

2) "Қазақ ССР-інің Азаматтық кодексін бекіту туралы" 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., N 2);

3) "Қазақ ССР-інің Азаматтық және Азаматтық іс-жүргізу кодекстерін күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1964 жылғы 25 сәуірдегі Жарлығының нормалары (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., N 20; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., N 46, 500-құжат) Азаматтық кодекске қатысты бөлігінде;

4) "Экономикалық реформа жүргізу кезеңінде азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 4, 71-құжат).

3. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заң актілері мен өзге де нормативтік-құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) сәйкес келтірілгенге дейін Қазақстан Республикасының заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) қайшы келмеген жағдайда қолданылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) сәйкес Қазақстан Республикасының заң актілерімен ғана реттеуге болатын Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) енгізілгенге дейін шығарылған нормативтік құқықтық актілері алдағы уақытта ол күшіне енгізілгенге дейін қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) оны күшіне енгізгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады.

1999 жылғы 1 шілдеге дейін туындаған қатынастар бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) оны күшіне енгізгеннен кейін туындаған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) шарттардың жекелеген түрлерін жасасу тәртібі мен нысаны туралы, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеу туралы нормалары оларды жасасу туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) күшіне енгізілгеннен кейін жіберілген шарттарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) жекелеген шарт түрлерінің мазмұнын айқындайтын нормалары ол күшіне енгізілгеннен кейін жасалған шарттарға қолданылады.

6. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) жекелеген шарт түрлерін бұзудың негіздері туралы, салдары туралы және тәртібі туралар Шарттың тараптары үшін міндетті нормалары, олардың жасалған күніне қарамастан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) күшіне енгізілгеннен кейін күшінде қала беретін шарттарға да қолданылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) шарттың шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы тараптарға міндетті нормалары, 1999 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған шарттарда мұндай тәртіп бұзушылық үшін өзгеше жауапкершілік көзделген жағдайларды қоспағанда, егер тиісті тәртіп бұзушылыққа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) күшіне енгізілгеннен кейін жол берілген болса, қолданылады.

7. Міндеттемедегі тараптардың бір жеке тұрмыстық мұқтаж үшін тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) пайдаланушы, сатып алушы, тапсырыс беруші не сатып алу немесе тапсырыс беру ниеті бар азамат болса, ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) сәйкес міндеттемедегі тараптың құқықтарын сондай-ақ "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және оған сәйкес шығарылған өзге де нормативтік құқықтық актілерде тұтынушыға берілген құқықтарды пайдаланады.

8. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 922 және 923-баптарының күші жәбірленушіге зиян келтіру 1999 жылғы 1 шілдеге дейін болған, бірақ 1996 жылғы 1 шілдеден бұрын емес және келтірілген зиян өтелмей қалған

жағдайларда да қолданылады.

Аталған Кодекстің 937 - 946-баптарының күші азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру 1999 жылғы 1 шілдеге дейін болған, бірақ 1996 жылғы 1 шілдеден бұрын емес және келтірілген зиян өтелмей қалған жағдайларда да қолданылады.

9. Азаматтық қатынастарға қатысушылардың құқықтарын бұзушыларға талаптар қоюдың, бұзылған құқықтарды қорғаудың және (немесе) оларды жауапқа тартудың мерзімдерін белгілейтін баптардың күші бұрын қолданылып жүрген азаматтық заңдарда көзделген осындай мерзімдер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) күшіне енгізілгенге дейін өтпеген жағдайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) ережелері бойынша есептеледі.

10. VI "Мұрагерлік құқық" бөлімі баптарының нормалары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) күшіне енгізілгеннен кейін ашылған мұраға қолданылады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е з и д е н т і*